

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ**

**2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «ТМҚКК» шеңберінде медициналық қызметтерді төлеуге бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер қаражаттары бойынша арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік,**

**және**

**Тәуелсіз аудитордың есебі**

	<u>Бет</u>
<b>Тәуелсіз аудитордың есебі</b>	<b>3-6</b>
<b>Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін басшылықтың растамасы</b>	<b>7</b>
<b>Қордың төгін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемі шеңберіндегі қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыруды пайдалануы туралы аймақтар бойынша есеп</b>	<b>8-10</b>
1. Жалпы ақпарат	11
2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізі	13
3. ТМККК шеңберінде медициналық қызметтерді төлеуге бюджеттен бөлінген мақсатты трансферттер қаражаттары	16-22
4. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	21-26

## ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

### «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ құрылтайшылары мен басшылығына

#### Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті аудиттеу нәтижелері бойынша қорытынды

##### Пікір

Біз «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (бұдан әрі – Қор) арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігіне Қор 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Бақылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығы) сәйкес әзірленген тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің шегінде қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының трансферттерді жоспарлауы және нақты пайдалануы туралы есептен (№ 5/2-ТМККК нысан), сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерін қысқаша сипаттамасынан құралатын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, ұсынылған 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін арнайы мақсаттағы барлық маңызды аспектілерінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына сәйкес әзірленген.

##### Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндетіміз әрі қарай біз жасаған қорытындымыздың «Қаржы есептілігінің аудитіне жауапты аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары бойынша Кеңестің кәсіби бухгалтерлердің Әдеп Кодексіне (бұдан әрі - БХӘСК Кодексі) және Қазақстанда біздің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын әдептік талаптарға сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз, біз осы талаптарға және кәсіби бухгалтерлердің Әдеп Кодексіне сәйкес біздің өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер шынайы және өз аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз беруге тиісті, жеткілікті болып табылады деп есептейміз.



## **Маңызды мән-жайлар – арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті өзі рлеудің негізі**

Біз Қордың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 ж. 16 тамыздағы № 612 Бұйрығына сәйкес өзірленгеніне және басқа мақсаттар үшін жарамсыз болу мүмкіндігіне назар аударамыз.

Осы тәуелсіз аудитордың есебі меншік иесіне және Қор басшылығына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 ж. 16 тамыздағы № 612 Бұйрығына сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау жөніндегі ережелерді Қордың сақтауы туралы ақпаратты ұсыну кезінде тек қана Қордың пайдалануына арналған. Осы тәуелсіз аудитордың есебі басқа кез келген үшінші тұлғаларға арналмаған, және біз осы тәуелсіз аудитордың есебіне қатысты Қордан басқа ешкімнің алдында жауапкершілік көтермейміз, бұл тараптар осындай шешімдер үшін жауапкершілікті толықтай өздері алады.

### **Басқа мәліметтер**

Қордың 2020 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін арнайы мақсаттағы қаржылық есептілігіне аудитті осы есептілікке қатысты 2021 ж. 17 мамырында түрлендірілмеген пікір білдірген басқа аудитор жүргізді.

### **Қордың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Қор басшылығы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 ж. 16 тамыздағы № 612 Бұйрығына сәйкес арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті өзірлеу және шынайы ұсыну, сондай-ақ басшылық адал әрекет етпеу немесе қате салдарынан қомақты бұрмалаушылықтарды қамтымайтын арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті өзірлеу үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көтереді.

Арнайы мақсаттары қаржылық есептілікті өзірлеу барысында басшылық өз қызметін үздіксіз жалғастыруға Қор қабілеттілігін бағалауға, қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің сәйкес жағдайларында ашылуға және басшылық Қорды таратуға, қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды немесе онда қызметті тарату не тоқтатудан басқа қандай да басқа шынайы балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Қордың қаржылық есептілік нысандарын дайындаудың қадағалануы үшін жауапкершілік көтереді.

### **Арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке ықпалсыз іс-әрекеттерге немесе қателерге байланысты туындаған елеулі бұрмаланулардың жоқтығына қисында сенімге ие болу және біздің пікірімізден құралатын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Қисынды сенім сенімділіктің жоғары дәрежесі болғанымен, Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткізілген аудиттің елеулі бұрмаланушыларды бар болған жағдайда оларды әрдайым айқындайтынының кепілі болып табылмайды. Бұрмаланулар ықпалсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және оларды жеке-жеке немесе бірге пайдаланушылардың осы арнайы мақсаттағы қаржы есептіліктің

негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжау мүмкін болса, маңызсыз емес болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пікір қабылдаймыз және аудиттің соңына дейін кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен бірге, біз келесілерді орындаймыз:

- Ықылассыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; сол тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатындай жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланулардың таппау тәуекелі қатенің нәтижесіндегі елеулі бұрмалануды айқындамау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз іс-әрекеттер сөз байласуға, жалғандыққа, қасақана өткізуге, ақпаратты бұрмалап беруге немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет жасауға алып келуі мүмкін;

- Қордың ішкі аудит жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;

- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулар мен басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуының негізділігін бағалаймыз;

- басшылықтың үздіксіз қызмет туралы жорамалды пайдалануының заңдылығы жөнінде қорытынды, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыруға қабілетін қатысты елеулі күмәндар пайда болуы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздіктің болу-болмауы туралы қорытынды шығарамыз. Егер айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігіндегі ақпараттың тиісінше ашылуына назар аудартуға немесе, егер ақпарат тиісінше ашылмаған болса – пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің пікірлеріміз аудиторлық қорытындымыз шыққан күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетінен айрылуына алып келуі мүмкін;

- біз арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оған қоса ақпараттың ашылуын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапкершілік көтеретін тұлғалармен ақпараттық әрекеттесудің, оларға өзгелермен қатар, жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертпелер, соның ішінде біздің аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің айтарлықтай кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, жүзеге асырамыз.

### **Басқа заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес есеп**

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының 22-бабы бойынша Қор бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті Қордың меншікті қаражаттары және активтері бойынша бөлек ұсынады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері мен пассивтері жөніндегі есептен (индекс: № 2-ф), Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры активтерінің келуі және шығуы туралы есептен (индекс: № 3-ф), резерв қаражаттарын әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының күтілмеген шығыстарын жабуға резерв қаражаттарын пайдалану туралы есептен (индекс: № 4-ф) және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін орналастыру туралы есептен (индекс: № 1-ф) құралатын Қордың активтері жөніндегі қаржылық есептілікті Қор 2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін «Бақылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық

сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығы) сәйкес әзірледі.

«BDO Qazaqstan» ЖШС

№21012748 мемлекеттік лицензия 2021 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетімен берілген.

«13» маусым 2022 ж. Алматы

Аудитор Ж.Ж. Жарикова

22.12.2014 жылғы № 0000217 аудитордың біліктілік куәлігі

ҚР аудиторларын аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясын берген.

Директор Ч.К. Садықов







**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ  
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін  
қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін  
жауапкершілік туралы басшылықтың растамасы**

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (бұдан әрі – «Қор») басшылығы «Бақылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына сәйкес әзірленген тегін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының трансферттерді пайдалануды жоспарлауы және нақты пайдалануы туралы есептен (№ 5/2-ТМККК нысан), сондай-ақ арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікке ескертпелерден, оған қоса есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамасынан құралатын 2021 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапкершілік көтереді.

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауап береді.

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды жүйелі түрде қолдану;
- есеп саясаты туралы ақпаратты, соның ішінде ол туралы деректерді қисындылықты, анықтықты, салыстырмалылықты және түсінікті болуын қамтамасыз ететін нысанда ұсыну;
  - негізді бағалаулар мен есептеулерді қолдану;
  - талаптарды орындау есептілікті пайдаланушының белгілі бір мәмілелер, сондай-ақ басқа оқиғалар немесе жағдайлар Қордың қаржылық жағдайына және қызметінің нәтижелеріне әсерді түсінуі үшін жеткіліксіз болып қалатын жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Қордың жақын болашақта үздіксіз қызметті жалғастыруға қабілеттілігі.

Басшылық мыналар үшін жауапкершілік көтереді:

- ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кез келген уақытта Қордың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесімен дайындауға және арнайы мақсаттағы қаржылық есептіліктің стандарттар талаптарына сай болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік емес жүйесін сақтап тұру;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Қор активтерін қорғау үшін өз құзыреті шегінде шараларды енгізу;
- алаяқтық және басқа да теріс пайдалану фактілерін айқындау және алдын алу.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілікті Қор басшылығы 2022 жылғы «13» маусымда бекітті.

Басқарма Төрағасы

Ашуев Айдын Жумабекович

Бас бухгалтер

Миропольская Антонина Альфоновна

13 маусым 2022 ж.

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.



**«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ – ТМҚКК  
2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖҰЛҒАҒА АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ  
ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ (мың теңгемен)**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына  
6-қосымша

**Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясындағы қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын пайдалану туралы  
аймақтар бойынша  
ЕСЕП**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне  
Индекс: № 5/1-ТМҚКК (ЖИНАҚ)  
Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 2022 ж. 1 наурыздағы жағдай бойынша

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызы

р/б №	Облыстардың, республикалық және астананың атауы	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеушінің коды	Қызметтерді төлеу сомасының барлығы					Ауытқуы	
			2021 ж. жоспар <sup>1)</sup>	Орташа айлық жоспар	2021 ж. нақты <sup>2)</sup>	Орташа айлық нақты	жылдық жоспарда	Орташа айлық жоспардан	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	
1	Ақмола облысы	11	54,736,761	4,561,397	54,624,891	4,552,074	111,870	9,323	
2	Ақтөбе облысы	15	52,936,436	4,411,370	52,896,091	4,408,008	40,345	3,362	
3	Алматы облысы	19	125,363,810	10,446,984	125,269,562	10,439,130	94,248	7,854	
4	Атырау облысы	23	37,842,319	3,153,527	37,812,516	3,151,043	29,803	2,484	
5	Шығыс Қазақстан облысы	63	87,460,449	7,288,371	87,240,442	7,270,037	220,007	18,334	
6	Жамбыл облысы	31	73,377,185	6,114,765	73,326,905	6,110,575	50,280	4,190	
7	Батыс Қазақстан облысы	27	49,341,450	4,111,787	49,277,723	4,106,477	63,727	5,310	
8	Қарағанды облысы	35	106,585,092	8,882,091	106,387,179	8,865,598	197,913	16,493	
9	Қостанай облысы	39	53,098,281	4,424,857	53,070,083	4,422,507	28,198	2,350	
10	Қызылорда облысы	43	53,915,597	4,492,966	53,880,351	4,490,029	35,246	2,937	
11	Маңғыстау облысы	47	40,287,344	3,357,279	40,189,145	3,349,095	98,199	8,184	

мың теңге





**«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ – ТМҚК  
2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖҮЛҮШІ АҚПАРАТТЫҢ МАҚСАТТАҒЫ  
ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ (мың теңгемен)**

12	Павлодар облысы	55	60,382,293	5,031,858	60,317,833	5,026,486	64,460	5,372
13	Солтүстік Қазақстан облысы	59	39,670,490	3,305,874	39,600,222	3,300,019	70,268	5,855
14	Түркістан облысы	61	99,071,824	8,255,985	98,626,364	8,218,864	445,460	37,121
15	Алматы қаласы	75	182,403,417	15,200,285	182,231,316	15,185,943	172,101	14,342
16	Нұр-Сұлтан қаласы (Астана)	71	129,346,468	10,778,872	128,844,379	10,737,032	502,089	41,840
17	Шымкент қаласы	79	65,339,765	5,444,980	65,276,031	5,439,669	63,734	5,311
<b>Аймақтар бойынша жиынтығы<sup>4)</sup></b>			<b>1,311,158,981</b>	<b>109,263,248</b>	<b>1,308,871,033</b>	<b>109,072,586</b>	<b>2,287,948</b>	<b>190,662</b>
<i>Қосымша ақпарат<sup>3)</sup>:</i>								
1)	Амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету		133,427,168	11,118,931	133,427,167	11,118,931	1	-
2)	Шетелде емделу		975,775	81,315	874,757	72,896	101,018	8,419
<b>Барлығы<sup>3)</sup></b>			<b>1,445,561,924</b>	<b>120,463,494</b>	<b>1,443,172,957</b>	<b>120,264,413</b>	<b>2,388,967</b>	<b>199,081</b>

1) «2021 ж. жоспар» бағанасы Қордың 2021 ж. ішінде алған Республикалық бюджет пен Ұлттық қордан бөлінген денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемінің (бұдан әрі - ТМҚК) шеңберінде максатты трансферттер бойынша ақша қаражаттарын көрсетеді.

2) «2021 ж. ішіндегі нақты» бағанасы ТМҚК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінің төлеуге қабылданған қызметтерін көрсетеді.

3) Қосымша ақпарат мыналарды көрсетеді:

1) – «2020 ж. жоспар» бағанасы 2021 жылдың ішінде Қордың бірыңғай дистрибьютордың («СК Фармация» ЖШС) халықты ТМҚК шеңберінде Республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан бөлінген дәрілік құралдармен және медициналық бұйымдармен амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етумен байланысты қызметтерін сатып алу үшін ТМҚК шеңберінде максатты трансферттер бойынша алған ақша қаражаттары көрсетілген;

2) – «2021 ж. ішінде нақты» бағанасында бірыңғай дистрибьютордың («СК Фармация» ЖШС) халықты ТМҚК шеңберінде Республикалық бюджеттен және Ұлттық қордан бөлінген дәрілік құралдармен және медициналық бұйымдармен амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етумен байланысты төлеуге қабылданған қызметтері көрсетілген;

3) – «2021 ж. жоспар» бағанасында 2021 жылдың ішінде Қордың ТМҚК шеңберінде шетелдік мамандарды тарта отырып мастер-класстар аясында шетелдік емханалар мен отандық медицина ұйымдарынан медициналық қызметтерді сатып алу үшін ТМҚК шеңберінде максатты трансферттер бойынша алған ақша қаражаттары;

4) – «2021 ж. ішіндегі нақты» бағанасында Қордың ТМҚК шеңберінде шетелдік мамандарды тарта отырып мастер-класстар аясында шетелдік емханалар мен отандық медицина ұйымдарынан төлеуге қабылдаған қызметтері көрсетілген.

5) «Аймақтар бойынша жиынтығы» жолы «ТМҚК шеңберінде қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының трансферттерді пайдалануы туралы аймақтар бойынша есебі» № 5/1-ТМҚК нысаны бойынша қорытынды мәнін көрсетеді.





**«ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ» КЕАҚ – ТМҚКК  
2021 ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖҮЛ ҮШІН АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ  
ҚАРЖЫЛЫҚ АҚПАРАТ (мың теңгемен)**


5) «Барлығы» жолында: а) «ТМҚКК шеңберінде қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының трансферттерді пайдалануы туралы аймақтар бойынша есебі» № 5/1-ТМҚКК нысаны бойынша қорытынды мәнінің, б) бірыңғай дистрибьютордың («СК Фармация» ЖШС) халықты ТМҚКК шеңберінде амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етумен медициналық бұйымдармен қамтамасыз етумен байланысты қызметтерін сатып алу құнының; және в) ТМҚКК шеңберінде шетелдік мамандарды тарта отырып мастер-класстар аясында шетелде емделу бойынша қызметтердің және отандық медицина ұйымдарының қызметтерінің құнының сомалары көрсетілген.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

13 маусым 2022 ж.

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.



## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қор») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 1 шілдедегі «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын құру туралы» № 389 қаулысына сәйкес мемлекеттің оның жарғылық қорына жүз проценттік қатысуымен құрылған.

Қорды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Астана қаласының Әділет департаменті тіркеді, ол туралы 2016 ж. 26 қыркүйектегі қызметті жүзеге асыру құқығына заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама берілді.

Қордың заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан к., Достық көш., 13/3, 14-қабат.  
Қордың нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан к., Достық көш., 13/3, 14-қабат.

Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес негізгі мақсаты кіріс алу болып табылмайтын коммерциялық емес акционерлік қоғам болып табылады.

Қордың Қазақстан Республикасының халқы үшін медициналық көмекті стратегиялық сатып алушы ерекше мәртебесі бар және ол МӘМС (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) жүйесі қаражаттарының және ТМККК (Тегін медициналық көмектің кепіл берілген көлемі) жүйесі қаражаттарының қаржылық операторы функцияларын орындайды

Қордың қызметі мыналармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасы Конституциясымен;
- Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексімен;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексімен;
- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 қаңтардағы №142 Заңымен;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 13 мамырдағы №415 Заңымен;
- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 ж. 16 қарашадағы №405-V Заңымен;
- Қор Жарғысымен;
- Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерімен, Қордың ішкі құжаттарымен және белгіленген тәртіппен өз құзыреттері шегінде қабылданған Қордың органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдерімен.

Қор қызметінің мақсаты Қор активтерінің есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету бойынша құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру шараларының кешенін қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік мақсаттарға жету болып табылады.

Қор мемлекеттік монополияға жататын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Міндетті медициналық сақтандыру шегінде түсетін қаржы қаражаттарын жинақтау;
2. Қаржы қаражаттарын міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді ұсынатын денсаулық сақтау субъектілерінің арасында бөлу.

Қор технологиялық жағынан мемлекеттік монополиямен байланысты келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Міндетті медициналық сақтандыру шеңберінде медициналық қызметтерді тұтынушылардың есебін жүргізу;
2. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің есебін жүргізу;
3. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің ақпараттық жүйесін және электрондық ақпараттық ресурстарды құру және дамыту.

Қор келесі функцияларды жүзеге асырады:

1. Міндетті медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемі жүйесіндегі медициналық қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және шарттармен медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды және төлеуді жүзеге асыру.
2. Міндетті медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемі жүйесіндегі медициналық қызметтерді тұтынушыларға көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемі бойынша шарттық міндеттемелерді денсаулық сақтау субъектілерінің орындауын мониторингтеу.
3. Міндетті медициналық сақтандыру және тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемі жүйесіндегі медициналық қызметтерді көрсету мәселелері бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын қарау.

Қор өз қызметін Қордың келіп түскен активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының есебінен жүзеге асырады. Комиссиялық сыйақының проценттік мөлшерлемесінің шекті шамасын жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Одан басқа, Қор жеке республикалық бюджеттік бағдарламаның есебінен мемлекеттік тапсырманы орындау шегінде ТМККК қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетеді.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қор активтеріне аударымдар, жарналар, аударымдарды және(немесе) жарналарды төлеуді кешіктіргені үшін алынған өсімпұл, инвестициялық кіріс және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген Қор қызметін қамтамасыз ету үшін комиссиялық сыйақыны шегергендегі Қорға басқа да түсімдер жатады.

ТМККК шегінде медициналық қызметтерді төлеумен байланысты Қор қызметін қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырманы орындау үшін бөлетін қаражаттары болып табылады.

2018 жылы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 ж. 18 қыркүйектегі № 193-IV ҚР Кодексінің 34-бабына сәйкес Қорға ТМККК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу функциялары, ТМККК және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде халықты дәрілік құралдармен және медициналық бұйымдармен амбулаториялық дәрілік қамтамасыз етумен байланысты бірыңғай дистрибьютордың қызметтерін төлеу жүктелді. Сондай-ақ ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2019 ж. 01 ақпандағы «Қазақстан Республикасы азаматтарын бюджеттік қаражаттардың есебінен шетелге емдеуге жіберудің кейбір мәселелері туралы» № 39 Бұйрығына сәйкес Қор бюджеттік қаражаттардың есебінен шетелдік медициналық емханаларға азаматтарды жіберу жөніндегі комиссияның жұмыс органы болып табылады.

2020 жылы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ ҚР Кодексінің 69-бабына сәйкес Қорға сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алу және төлеу функциялары жүктелді.

2021 жылы «Тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемін қамтамасыз ету» 067 бюджеттік бағдарламасының шеңберінде ТМККК медициналық қызметтерін төлеуге трансферттер мыналар бойынша бөлінді:

«Тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемін республикалық бюджет есебінен төлеуге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттер» 100 қосымша бағдарламасы және

«Тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан мақсатты трансферттің есебінен төлеуге Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына трансферттер» III қосымша бағдарламасы.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ қызметін бақылау**

Қордың құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті болып табылады. Қор акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

*Меншік иесі*

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жалғыз акционері мыналар болып табылады:

Акцияларды ұстаушылардың ТАӘ немесе атауы	Акционерге тиесілі акциялардың саны	Акционерге тиесілі акциялардың дауыс беруші акциялардың жалпы санына проценттік қатынасы
«ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ 3Т	Жай акциялар KZ1C60360019, 106,050 дана	100 %

2021 ж. 31 желтоқсанда Қордың акционерлік капиталы 106,050 мың теңгені құрады. 106,050 дана жай акция (номинал құны бір данасы үшін 1,000 теңге) жарияланды және орналастырылды.

2021 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың акционерлік капиталы құрылған және толық төленген.

Қор қызметкерлерінің 2021 ж. 31 желтоқсандағы жалпы нақты саны 826 адамды (2020 ж. 31 желтоқсанда: 825 адамды) құрады.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ**

**2.1. Сәйкестік туралы есеп**

2020 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемінің шеңберінде (№ 5/2-ТМҚКК нысан) қызметтерді төлеуге әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының трансферттерін жоспарлау және нақты пайдалану туралы есептен құралатын осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік «Бақылау функцияларын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық және өзге де есептілігінің тізбесін, нысандарын, оларды ұсыну мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 612 бұйрығына сәйкес әзірленген.

Қордың ТМҚКК шеңберінде мақсатты трансферттер бойынша алған қаражаттары МӘМС жүйесінің қаражаттары бойынша Қор активтерінен бөлек және Қордың меншікті қаражаттарынан бөлек есепке алынады.

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, тарихи құн бойынша есеп жүргізу қағидаттарына сәйкес әзірленген. Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтердің орнына берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

**2.2. Қызметтің үздіксіздік қағидаты**

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік Қор қызметтің үздіксіздік қағидатын ұстанады деген жорамалға негізделіп отырып және Қордың қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрғаны және жақын болашақта жұмыс істейтіні ескеріле отырып дайындалды.





### 2.3. Есептеу қағидаты

Осы арнайы мақсаттағы қаржылық есептілік есептеу қағидатына негізделіп жасалды. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ оларды жасалу фактісі бойынша оқиғаларды төлеу уақытына қарамастан мойындаумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және олар жататын кезеңдердің қаржылық есептілігіне қосылады.

### 2.4. Функционалдық валюта және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы теңге болып табылады. Теңге Қордың функционалдық валютасы болып табылады, себебі Қорда орын алып жатқан оқиғалар мен мән-жайлардың экономикалық мәнін көрсетеді. Теңге сондай-ақ осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылады.

Қордың қаржылық есептілігі баптарының және оған ескертпелердің теңгемен көрсетілген барлық сомалары, егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгеге дейін дөңгелектелген.

Қаржылық есептіліктің шетелдік валютамен көрсетілген баптарын қайта есептеу үшін, сондай-ақ валюталық операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету мақсаттарында Қор Қазақстан Республикасында белгіленген валюталарды айырбастаудың ресми бағамдарын пайдаланады.

### 2.5. Ақша қаражаттары

Ақша қаражаттарын Қордың Қазақстан Республикасының бюджетінен ТМҚКК шеңберінде мақсатты трансферттер бойынша алған, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитеті» РММ шоттарында тұрған, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің келесі ережелерін орындау мақсатындағы қаражаттары құрайды:

- 4 б. 69 т. Тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемінің шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алуды әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жүзеге асырады.
- 5 б. 69 т. Тегін медициналық көмектің кепіл берілетін көлемін көрсету кезінде қызметтерді төлеуді әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры және (немесе) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асырады.
